


ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

3(7)2024



УДК 069 (091)

ЖАСАНДЫ ҚҰРАЛ ҚАҚПАН ЖӘНЕ ҚАҚПАНМЕН АҢ АУЛАУ

А.Ж. Абу

«Атамекен» тарихи-мәдени орталығы (Қазақстан)

Аңдатпа. Түркі халықтары арасында қазақтың материалдық және материалдық емес мұралары қатарында аң аулау, қақпан құру және қақпанмен аң аулауды қарастыру өз алдына болса да, зор маңызға ие. Еліміздің ғасырлар бойы қалыптасқан көшпелі тұрмысында аң аулау мәдениеті жоғары деңгейде болды десек, артық айтқандық болмас. Аң қағудың қалыптасу тарихы тас дәуіріндегі алғашқы қауымдық құрлыстан бастау алады және оның дамуында түрлі кезеңдер болды. Сөзіміздің айғағы үңгір қабырғалары, жартастың күнгей тегістік беттерінде бәдіздей бейнеленген бедерлі суреттер аңшылықты зерттеудегі басты дерек көзі негізінде зерттеушілер назарын аударғаны сөзсіз. Аңшылықтың қалыптасуы мен аңшылық құралдың даму кезеңдері, оның тарихын зерттеушілер түрліше мақсатта қарастырса да, ел жадында сақталған аңшылық саят құру аясында, бүгінде ермекке айналғандай көрінеді. Мақалада автор аңшылықтың ел тарихындағы маңызын қарастырады. Аңшылық тарихын арнайы зерттеген ғалымдар бірнеше кезеңге бөліп қарастырған болса, автор аңшылықпен қатар жасанды құрал негізінде басты назарды қақпанмен аң аулауға аударады.

Мақалада тарихи-мәдени Орталықтың («Атамекен» тарихи-мәдени орталығы) қор жинағының қалыптасуы, зерттеу нысаны ретінде нақты жәдігердің музей қызметінде танымды арттыратын заттай құндылық етіп қарастыру призмасы арқылы еліміздің музейлік қорларындағы аңшылық жасанды құралдың аңшылықтағы әлеуетін, оның дамуы тарихымен байланысты тарихи мән-маңызы нақтыланады. Ұсынылып отырған зерттеу Орталықтың қорына өткізілген «жасанды құрал қақпанды» зерделеу аясында жазылды.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Жұмыс барысында еліміздің тарихында ерекше маңызға ие аңшылықтың қалыптасуы мен дамуындағы жасанды құралдың, қақпан құру арқылы аң аулау кәсібін танытар әдістеме пайдаланылды. Жасанды құралдың (қақпанның) тарихи дамудағы қызметін көрсету, нақты сараптамалық мәселе бойынша әртүрлі тарихи деректермен жұмыс істеуге мүмкіндік беретін контент-анализ әдісін кеңінен қолдануға болатындығына көз жеткізді. Зерттеу аясында тарихшылдық қағидасына негіздеп, белгілі тарихи шолу әдісі қолданылды. Тарихи-салыстырмалы әдісті жүйелік тәсілмен ұштастыра қолдану ұқсастық пен мақсатты айырмашылықты көрсету арқылы ұлттық тарихымыздың белгілі бір кезеңдеріндегі жағдайды да, аңшылықтың тарихи болмысын сипаттауға, оның заман өтсе де дамуының үздіксіз тұтастық дәрежесін анықтауға мүмкіндік берді.

Тірек сөздер: жасанды құрал, қақпан, аң аулау, тарихи-мәдени орталық, музей, қор, музей жәдігері.

Сілтеме жасау үшін: Абу А.Ж. Жасанды құрал қақпан және қақпанмен аң аулау // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), 91-97 бб. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

ИСКУССТВЕННОЕ ОРУДИЕ КАПКАН И ОХОТА С КАПКАНОМ

А.Ж. Абу

Историко-культурный центр «Атамекен» (Казахстан)

Аннотация. У тюркских народов, среди материального и нематериального наследия казахов большое значение имеют охота, капкан и охота с капканом. Не будет преувеличением сказать, что в многовековой кочевой жизни нашей страны охотничья культура находилась на высоком уровне. История становления охоты начинается с

возникновения первой общественной структуры в каменном веке, и в ее развитии были разные этапы. Подтверждением наших слов является то, что стены пещеры, рельефные изображения, изображенные на гладких поверхностях скалы, несомненно, привлекли внимание исследователей, исходя из основного источника данных по изучению охоты. Становление охоты и этапы развития охотничьего снаряжения, хотя исследователи рассматривают ее историю с разными целями, кажется, что сегодня она стала развлечением в рамках создания охотничьего домика, сохранившегося в памяти страны. В статье автор рассматривает значение охоты в истории страны. Если ученые, изучавшие историю охоты, разделили ее на несколько периодов, то автор акцентирует внимание на охоте капканами на основе искусственных орудий.

В статье рассмотрено формирование фондовой коллекции историко-культурного центра («Историко-культурный центр «Атамекен»), рассмотрения через призму реальной реликвии как объекта исследования будет конкретизирована материальная ценность, повышающая знания в музейном деле потенциал искусственных охотничьих орудий в музейных собраниях страны, которой историческая значимость, связанная с историей его развития. Предлагаемое исследование было написано в рамках исследования «искусственной ловушки», проведенного за счет средств Центра.

Материалы и методы исследования. В ходе работы использован метод, показывающий профессию охотника путем создания капкана, искусственного орудия становления и развития охоты, имеющего особое значение в истории страны. Демонстрация функции искусственного инструмента (ловушки) в историческом развитии убедилась в возможности широкого использования метода контент-анализа, позволяющего работать с различными историческими данными по конкретной экспертной проблеме. В рамках исследования был использован известный метод исторического рецензирования, основанный на принципе историзма. Использование историко-сравнительного метода в сочетании с системным подходом позволило описать ситуацию в отдельные периоды нашей отечественной истории и исторический характер охотничьего хозяйства, определить степень непрерывной целостности его развития, несмотря на прохождение время.

Ключевые слова: искусственное орудие, капкан, охота, историко-культурный центр, музей, фонд, музейная реликвия.

Для цитирования: Абу А.Ж. Искусственное орудие – капкан и охота с капканом // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), с. 91-97. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

HUNTING WITH ARTIFICIAL GEAR AND A TRAP

A.Zh. Abu

Historical and cultural center of «Atameken» (Kazakhstan)

Abstract. Among the Turkic peoples, among the tangible and intangible heritage of the Kazakhs, hunting, trapping and hunting with traps are of great importance. It would not be an exaggeration to say that in the centuries-old nomadic life of our country, the hunting culture was at a high level. The history of the formation of hunting begins with the emergence of the first social structure in the Stone Age, and there were different stages in its development. Confirmation of our words is that the walls of the cave, relief images depicted on the smooth surfaces of the rock, undoubtedly attracted the attention of researchers, based on the main source of data on the study of hunting. The formation of hunting and the stages of development of hunting equipment, although researchers consider its history for different purposes, it seems that today it has become entertainment in the framework of the creation of a hunting lodge, preserved in the memory of the country. In the article, the author considers the importance of hunting in the history of the country. If scientists who studied the history of hunting divided it into several periods, the author focuses on hunting with traps based on artificial tools.

The article considers the formation of the fund collection of the historical and cultural center (Historical and Cultural Center "Atameken"), consideration through the prism of a real relic as an object of research will be specified material value, increasing knowledge in museum business potential of artificial hunting tools in museum collections of the country, which historical significance associated with the history of its development. The proposed study was written within the framework of the study of the "artificial trap", conducted at the expense of the Center.

Materials and methods of the research. In the course of the work, a method was used that shows the profession of a hunter by creating a trap, an artificial tool for the formation and development of hunting, which has a special significance in the history of the country. Demonstration of the function of an artificial tool (trap) in historical development convinced of the possibility of wide use of the content analysis method, which allows working with various historical data on a specific expert problem. Within the framework of the study, a well-known method of historical reviewing based on the principle of historicism was used. The use of the historical-comparative method in combination with a systemic approach made it possible to describe the situation in certain periods of our national history and the historical nature of the hunting industry, to determine the degree of continuous integrity of its development, despite the passage of time.

Keywords: artificial instrument, trap, hunting, historical and cultural center, museum, fund, museum relic.

For citation: Abu A.Zh. Hunting with artificial gear and a trap. // MUSEUM.KZ. 2024. №3 (7), pp. 91-97. DOI 10.59103/muzkz.2024.07.11

Кіріспе. Аң аулау – адам баласының өмірінде ертеден-ақ зор маңызға ие болды. Аңшылық халық шаруашылығы мен тұрмыс-тіршілігін жалғаған кәсіп түрі болатын және ол әуелден-ақ, аңшылық негізгі күн көріс қамының бір түріне айналды. Халық арасында аңшылық кәсіптің даму барысы, оның табиғи жағдайда, климаттық өзгерістердің орын алуымен, адамдар қауымдастығының миграциялық себептермен (көші-қонмен) ғасырлар бойғы қоныс-жайларын ауыстыруымен де қатар дамып отырды. Бұл кәсіптің тіпті, жетіле түсуіне, келе-келе енді бірде тәсілдерінің өзі өзгерістерге де ұшырап, кәсіпке айналды.

Халқымыздың әуелден-ақ көшпелі тұрмысқа бейімділігі оның малшаруашылығымен қатар, аңшылықпен де айналысуына да қолайлы шарт туғызды. Ұлы дала төсін жайлаған елде аңшылық жеке адамның кәсібі болып та, бүкіл ру-қауымның айналысатын тіршілік көзі ретінде де дамыды. Күні бүгінге дейін халық арасында саят құру әу бастағы өзінің шаруашылық қалпын сақтамаса да, жалпы аңға шығуға деген желік, қызығушылық әлі күнге дейін ел ішінде сақталған.

Талқылау. Қола дәуіріндегі малшаруашылығы басты шаруашылық көзі болып қалыптасса да, кей өңірлік аймақтарда жаппай демесек те, аңшылық кәсіп көзі ретінде өткен ХХ ғасырда да қосалқы шаруашылық та бола алды. Ауланған аң өнімдерін (тері мен жүн, тулақ) халықтың тұрмыстық тұтынуында тысқа, суыққа киер сырт киім тігуде (бастан-аяқ) және ас-ауқат дайындауында ерекше орын алды. Аң аулау, серуен құру бұл ұлт танымында кейіннен уақыт өте келе күнделікті тұрмыстық салттан гөрі, бекзадалық ұстаным ретінде танылды. Әр халықтың тұрмыс кешкен ортасында табиғатпен етене араласуындағы үйлесім, аңшылық өнерімен – ұрпақты кәсіби машыққа, әскери өнерге баулуда зор маңызға ие болды.

Заманамен қатар өркениеттің дамуы да аңшылық өнердің бастапқы мақсатын, түрін және құралдарын да өзгеріске ұшыратты. Ол ең алдымен отырықшылар үшін егіншілікте және бақташы қауым үшін малшаруашылығының пайда болуымен де байланысты еді. Яғни, күнкөріс көзі болған аңшылық уақыт өте ата кәсіпке ұласты. Осылайша аңшылық саят құру өзінің түрі мен тәсіліне қарай ерекшеленуінде, халық шаруашылығындағы алатын орны жағынан аңшылықтың маңызы өте зор болды. Көбінесе аңшылықта жеке және топтық аулау арқылы жүзеге асырылатыны белгілі. Халықтың күн көрістік өмір ерекшелігіне сай,

көпшілік жағдайда аңды жасанды құралмен де аулаған. Мұндағы аңшылық тәсілдерді игеруде қазақ қоғамы үшін де қоршаған табиғи орта мен күнделікті тұрмыс-тіршіліктегі ерекшеліктеріне сай өзіндік аң аулау тәсілдерін де қалыптастырды. Табиғатпен етене жақын өмір сүрген халқымыз аң-құстың тіршілігін бақылау арқылы да оны аулаудың түрлі тәсілдерін меңгеріп тіпті, әр алуан техникасын ойлап тапты. Аңды қайырмалап айдап әкеліп, алдап түсіру әдісімен алдыменен жер бедерінің табиғи ерекшелігін ескере отырып, аң аулау құралдарын жетілдіре пайдаланып, әртүрлі жасанды құрал көмегімен аң аулау тәсілдерін де жетілдірді.

Мысалы Ақтөбе, Атырау мен Маңғыстау, Үстіртте үлкен көлемді «аран» құрылыстарының тұрғызылуы. Бұл табиғатта кездесетін ірілі-ұсақ тастарды қаластыра отырып, көлемді жасалатын құрылыс. Мұны көпшілік болып аң аулау ісінде, әсіресе, аран құру тәсілі деп қолданылды және солай аталды. Алыстан қаумалап, үріккен құлан, киікті (ақбөкен) арандату үшін табиғи ландшафттың қолайлы жер рельефін (бедерін) ұтымды пайдаланады. Сол үшінде түзде аңдарын қаумалап, алыстан қиқулатып, алдын-ала белгіленген бағытта пішіні жақ (садақ) «жебесі» түрінде болып келетін аранға, дүрліге үріккен үйірлі аң келіп кіретін алдыңғы жағы (аузы) ғана ашық болып, қоршауға кіргеннен соң аңдар бірден секіріп өте алмайтын үлкен сай немесе жыраға, тастан қаланған аранға кіргізе қамап, аңды тірі күйінде шалмамен ұстап немесе садақпен, бертін келе атып алады. Еліміздің батысында Үстіртті жерлерде қазіргі күнге дейін кездесетін жан-жағы аң өтіп кете алмайтын үлкен жыраны да бұрын, аңды қаумалай аулаудың алғашқы кездері аран ретінде қолданылған болуы мүмкін деген пайымға да негіз болған.

Жетісуда Іле мен Тарбағатай арасы жазығындағы сұлбасы анық көрініп жатқан үлкен ұра сайды да кезінде Ш.Уәлиханов атап кеткен жерлер, Үстірттегідей аранның қызметін атқарған сияқты. Қажыр мен қайрат, сабыр мен төзімді, күш шығындауды қажет ететіндіктен, халықтың бәрі жаппай аң аулауға аса бір құштарлығы да болмағаны белгілі. Себебі аң аулау үшін жүйрік жылқы, аң шалуға үйретілген тазы, берен мылтық, қыран бүркітті табу, оның күтімі мен бабын жасау өз алдына, оларды ұқсатып ұстау, жаратып отыру үлкен шығынды қажет етеді. Сондықтан, аңшылықпен дәулетті және тұрмысы ортадан жоғары, ауқатты кісілер айналысқан. Осы себептерге байланысты аң аулау кәсіп ретінде мәртебелі болды.

Қазақы танымдық жіктеу бойынша, қару және құрал-сайман көмегімен аң қағуды аңшылық десе ал, ит пен жыртқыш құстың көмегімен аң түсіруді саятшылық деп атады. Аңшылықтың тазымен аң қағу, саят, сонар, салбурын деген сияқты түрлері болды. Қарастырғалы отырған тақырыбымыз қақпан жайында болғандықтан жоғарыда аталған аңшылық, аң қағу, аң түсіру мен саятшылыққа тоқталмаймыз.

Қақпан – аң аулау үшін металдан жасалған аңшы құралы. Қақпан серпімділігі және оның көбіне қатты қысым немесе қақшып ұстап қалуына септігі болатындай екі құлақты етіп те жасалады. Қақпанның орта тұсында шүріппелі етіп бекитін жалпақ тілі болады. Ортадағы шүріппенің үстіне қысым не күштің түсуінен ол тайқып кету арқылы қақпан сарт етіп жабылады. Аңшылар оның көлеміне қарай кішілігіне қатысты бала қақпан, тісті қақпан сияқты түрлерін де пайдаланған. Ұстайтын аңына қарай қасқыр қақпан, түлкі қақпан деп те аталады. Бала қақпан немесе қолқақпан, қарсақ, түлкі, суыр, қоян т.б. ұсақ аңдарды ұстауға қолданылса, ал тісті қақпан аю, сілеусін, қабылан аулау үшін құрылады. Қасқыр аулауға арналаған қасқыр қақпан арнайы шынжырлы, серппесі (шаппасы) қалың келетін қақпанды қасқыр қақпан дейді. Мұның аюға құрылатын қақпан шомбал болып келеді.

Иіске сезімтал тағы аң темір иісін сезбес үшін, иесі күні бұрын қақпанды алдын-ала түрлі шөптермен де қайнатады. Кейде жылқының жас тезегін металдың өз бойындағы иісін кетіруге қолданатын кездері де кездеседі.

Ұста қақпанды темірден соғып, оны серіппелерін малдың әсіресе, қойдың салқын құйрық майына суарып, шынықтырған. Металды майға суару – қақпанның серіппесінің серпінін күшейтеді [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының

дәстүрлі жүйесі, 2017: 391]. Көбінде жыртқыш, тағы аң аса иісшіл келеді. Жоғарыда айтылғандай темір иісін жою үшін соғылып жатқан қақпанды біршама уақыт жаңа сойылған қой терісіне орайды, кейде көңнің астына көміп қояды.

XIX ғ. Патшалық Ресейдің отарлау саясатының күшеюі тұсында аң ату құралдарының көбеюі, оның небір жетілген түрінің кең таралуы ел арасындағы аңшылық түрлері, әдіс айдалары да кәсіптік маңызын жоғалтты. Аңшылықтың байырғы құс салу, құмай-тазымен аң аулау түрлері кейіннен тіпті, қызық қуу, уақыт өткізудегі ермек болардай ғана болды.

Қазақи ортадағы аңшылық тәсілі де сан алуан: құм қақпан, тас қақпан құру, орға жығу, індету, қысаңға қамап, сойылмен ұру, тұзақ, абақ, шаншу, атқы, баспа, ау, тор, ат үстінен сойыл-шоқпармен соғу және т.б. қарапайым қолжетімді әдістер де болды. Бұл әдіс-тәсілдер үнемі толығып, жетілдіріліп те отырған. Бұл қарапайым тәсілдердің біразы күні бүгінге дейінде өз маңызын жоғалтпады. Ұсақ аңға арналған (қоян, суыр және т.б. кеміргіштер) тұзақ пайдаланылды. Құрылған тұзақ інге қарай басы өтетіндей шеңберлі етіп құрылып, тұзақтың екінші ұшын іннің бір шетіне қағылған қазыққа бекітеді [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017: 457]. Тұзаққа түскен аң көбіне қылғынып өледі. Егер шалажансар болған жағдайда, оны ұрып алады. Тұзаққа түскен аңды «олжалау үшін» күнде немесе күнара тексеріліп отырады. Тұзақ құру, қақпанға қарағанда жұмысы оңай. Дегенмен тұзақ құс пен ұсақ аң аулауға арналған жасанды құрал. Тұзақ жылқы қылынан, тарамыстан, кейінгі жылдарда тростың қылдай жіңішке сымынан да жасалады.

Қылдан жасалған тұзақ – аты аталғандай қылтұзақ аталады. Оны құс ұстауға пайдаланған. Қылтұзақтың аң аулауға арналған тұзақтан жасалуы басқаша. Оны көбіне жылқы қылын есіп дайындайды. Саятшылар тұзақтың жемтұзақ түрін кейде, саятшылық құсын қолға түсіру үшін қолданған.

Мылтық ұстаған аяғына сүйеніп атып алады,

Бүркіт салған қызығына батып алады.

Ит жүргірткен шалқасынан жатып алады,

Қақпан салған сілесіне қатып алады,

– деп келетін өлең жолдары қазақы аң аулаудың өзіндік ерекшеліктерін жақсы бейнелейді.

Бұрындары қолданылған жалпылама аңшылықтың бірінші түрі – топ болып аң аулау. Аңшылық маусымында иен далаға ұйымдасып аттанып, топтасқан аңшы арасында өзінің алғыр құсы, құмай тазысымен ұзақ уақыт, арнайы бойы аң аулаған. Мұндай аңшылар тобында тіпті, әнші-күйші, көңіл көтерер ақын, сал-серілерде аңшылармен бірге қызық қуып қатар жүрген және т.б. қызмет көрсететін кісілерде аңға бірге аттанған. Бұл жердегі көзделген мақсат қыстық соғым қорын, азығын көбейту әрі, серуен құрып әрі, көңіл көтеру.

Қарастырып отырғанымыздай аңды құрал-сайман көмегімен аулау. Бұл – аң аулауды жасанды құрал-сайман (қолдан жасалған) және осыған байланысты қолданылатын тәсілдер. Аң аулау әдісінің түрі көп және аулайтын аңға байланысты өзіндік түрі, тәсілдері және қажетті құрал-сайманның қолданылуы да түрліше.

Кеңестік кезеңде халық арасында аңшылықты бірқатар мақалаларда жазылды. Мысалы, 1926 жылы А.С. Шостак Жетісудың табиғи-географиялық сипаттамасын бере отырып, «Охотничье хозяйство Джетысу» атты еңбегінің екінші бөлімін революцияға дейінгі Жетісудың аңшылық шаруашылығына арнаған болатын [Шостак, 1927].

Қазақтар кейде қамысты өртеу арқылы жыртқышты ашық алаңға шығуға мәжбүрлеп, содан соң не мылтық, найза немесе шоқпармен бірлесе топтасып жүріпатып та алған. Аң аулаудың бұл әдіс-тәсілі туралы мәліметі қысқа болса да, Е.К. Мейендорф «Сыр бойы қазақтарының қамысты жердің жел соғатын жағынан өртеу арқылы жыртқыш аңды топтасып аулайтындығы жайлы жазады» [Мейендорф, 1975: 45]. А.С. Шостак «Балқаш

маңын қоныстаған қазақтардың жыртқыш аңды ауылдан алыстату үшін де қамысты ертегенін» жазған болатын [Шостак, 1927: 31].

Тұз тағылары ішінен қасқыр аулауда қазақтар қақпаннан бөлек, әртүрлі тәсілдер қолданған (саят құсы және итпен, соғып алу, улау, мойын қатыру, мұз қатыру).

Аң мен құсқа байқалмайтындай етіп құрылатын қарапайым қылтұзақ, қақпан, темір қақпан, қолқақпан, қандыауыз деген түрлері болды. Дәстүрлі қоғам ортасында өзінің қызметі қақпанға ұқсас болғанымен, мүлдем басқа тәсілдерге саналатын тасқақпан, құмқақпан, ағашқақпан, орқақпандармен де аңдарды қолға түсіріп отырған. Аңды соғу, ұрып алу әлі күнге дейін сақталған әдіс екенін жазады [Қартай, 2021: 53].

Аңшылыққа арналған қақпандарды еліміздің жергілікті жерлеріндегі музейлерден кездестіруге болады. «Атамекен» орталығы қорына М. Тұңғышбайұлы жасаған 2 дана қақпан қабылданған. Қақпанды жасаған 1900-1975 жж. өмір сүрген Мажай Тұңғышбайұлы. Жасанды құралды шамамен 1930 жылдары өзі соққан. Дерек беруші жиенінің айтуынша дүкеншілікпен айналысып, 7 түрлі қақпан соққан. Бүгінде ұста шеберханасындағы төсі, қақпаның 3 түрі сақталған.

Қорытынды. Бүгінде, аңшылық құруда улы шөптерден жасалған умен улау немесе у салу ірі жыртқыш аңдарды аулау үшін де қолданылады. Қазақи ортада мылтықпен аң аулаудың түрі кең таралғанына қарамастан, ХХ ғ. екінші жартысында да қақпан құру қарабайыр көрінсе де, өзінің қарапайымдылығына байланысты еш қолданыстық маңызын жоғалтпаған. Дегенменде жасанды құрал қақпан және қақпанмен аң аулау уақыт өте келе көшпелі қазақ халқының тұрмыс-тіршілігінде маңызды орын алғанымен, бүгінгі таңда көп кездесе бермейді. Ол малшаруашылығы және егістікпен айналысатын аудандарда ішінара сақталған. Себебі, жабайы аңдар мемлекет иелігіндегі қорықтарда топтастырылған. Ал жасанды құрал қақпан және қақпанмен аң аулау кәсібі өз маңыздылығын жойған.

ӘДЕБИЕТ

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» / Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 1-т. 816 б. (иллюстрацияланған)

«Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» / Энциклопедия. Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017. 3-т. 816 б. (иллюстрацияланған).

Шостак А.С. Охотничье хозяйство Джетысу. Издание лесного отдела Джетысуйского губернского Землеуправления гор. Алма-Ата, 1927. 184 с.

Қартаева Т.Е. Сыр өңірінің дәстүрлі этнографиясы. Т. 2. Алматы: Арыс, 2015. 448 б.

Қартай Т.Е. Бөрітаным: экспедициялық зерттеулер. Алматы: Қазақ университеті, 2021. 104 б.

Мейендорф Е.К. Путешествие из Оренбурга в Бухару. Предисл. Н.А. Халфина. М., Наука, 1975. 180 с. (карта)

REFERENCES

«Kazaktyng etnografiyalyk kategoriyalar, ugumdar men ataularynyng dasturli zhuiesi» / Entsiklopediya. Almaty: LLP «Alem Damu Integratsiya», 2017. V. 1. 816 p. (illustratsialangan). (In Kazakh)

«Kazaktyng etnografiyalyk kategoriyalar, ugumdar men ataularynyng dasturli zhuiesi» / Entsiklopediya. Almaty: LLP «Alem Damu Integratsiya», 2017. V 3. 816 p. (illustratsialangan). (In Kazakh)

Shostak A.S. Ohotnich'e hozyiastvo Jetisu. Izdanie lesnogo otdela Jetyuisiskogo gubernskogo Zemleupravleniya gor. Alma-Ata, 1927. 184 p. (In Russian)

Kartaeva T.Y. Syr onirining dasturli etnografiyasi. V. 2. Almaty: Arys, 2015. 448 p. (In Kazakh)

Kartai T.Y. Boritanym: expeditiyalyk zertteuler. Almaty: Kazakh universyteti, 2021. 104 p. (In Kazakh)

Meindorf E.K. Puteshestvie iz Orenburga v Buharu. Predisl. N.A Halfina. Moskow, Nauka, 1975. 180 p., with map. (In Russian)

Автор туралы мәлімет: Абу Алпамыс Жалғасұлы – «Атамекен» тарихи-мәдени орталығының аға ғылыми қызметкері (Шамалған ауылы, Алматы облысы, Қазақстан), тарих магистры. E-mail: alpamys_79@mail.ru

Сведения об авторе: Абу Алпамыс Жалғасұлы – старший научный сотрудник историко-культурного центра «Атамекен» (с. Шамалған. Алматинский область, Казахстан), магистр истории. E-mail: alpamys_79@mail.ru

Information about the author: Abu Alpamys Zhalgasuly – senior researcher at the historical and cultural center «Atameken» (Shamalghan village, Almaty region, Kazakhstan), Master's degree in History. E-mail: alpamys_79@mail.ru

Редакцияға түсті / Поступила в редакцию / Entered the editorial office: 05.03.2024.

Рецензенттер мақұлдаған / Одобрено рецензентами / Approved by reviewers: 03.06.2024.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted for publication: 01.08.2024.